

Барлық кандидаттар үшін үгіттік баспа материалдарын орналастыру үшін орындарды белгілеу туралы

Қарағанды қаласының әкімдігінің 2024 жылғы 18 маусымдағы № 32/01 қаулысы.
Қарағанды облысының Әділет департаментінде 2024 жылғы 24 маусымда № 6615-09 болып тіркелді

"Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы" Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының 28 бабына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 31 бабына, "Құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 27 бабына сәйкес, Қарағанды қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Осы қаулының қосымшасына сәйкес қалалық сайлау комиссиясымен бірлесіп барлық кандидаттар үшін үгіттік баспа материалдарын орналастыру үшін орындар белгіленсін.

2. Әкімдіктің келесі қаулыларының күші жойылды деп танылсын:

1) Қарағанды қаласы әкімдігінің 2014 жылғы 13 тамыздағы № 33/08 "Қазақстан Республикасының Президентін, Парламент Мәжілісі және Сенат, мәслихаттар депутаттарын сайлау кезінде үгіттік баспа материалдарын орналастыру орындарын, сайлаушылармен кездесу үшін үй-жайларды анықтау туралы" қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 2729 болып тіркелген);

2) Қарағанды қаласы әкімдігінің 2017 жылғы 29 маусымдағы № 26/01 "Қазақстан Республикасының Президентін, Парламент Мәжілісі және Сенат, мәслихаттар депутаттарын сайлау кезінде үгіттік баспа материалдарын орналастыру орындарын, сайлаушылармен кездесу үшін үй-жайларды анықтау туралы" Қарағанды қаласы әкімдігінің 2014 жылғы 13 тамыздағы № 33/08 қаулысына өзгеріс енгізу туралы" қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4301 болып тіркелген).

3. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қарағанды қаласының әкімі
Қарағанды қалалық
сайлау комиссиясы
"КЕЛІСІЛДІ"

М. Кожухов

Қарағанды қаласының
әкімдігінің
2024 жылғы 18

Барлық кандидаттар үшін үгіттік баспа материалдарын орналастыру үшін орындар

№	Аудан атауы	Үгіттік баспа материалдарын орналастыруға үшін орындар
1.	Қарағанды (Қазыбек би атындағы аудан)	Сәкен Сейфуллин көшесіндегі Қарағанды облысы мәдениет, мұрағаттар және құжаттама басқармасының "Қарағанды академиялық музыкалық комедия театры" коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорын ақпараттық тақтасы, "Монша" аялдамасы
2.	Қарағанды (Қазыбек би атындағы аудан)	Степной-3 ықшамауданы, "Турист" дүкені аялдамасы жанындағы ақпараттық тақта
3.	Қарағанды (Қазыбек би атындағы аудан)	Бұқар жырау даңғылындағы Қарағанды облысы мәдениет, мұрағаттар және құжаттама басқармасының "Кеншілер мәдениет сарайы" коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорын жанындағы ақпараттық тақта
4.	Қарағанды (Қазыбек би атындағы аудан)	Бұқар жырау даңғылындағы Қарағанды облысы мәдениет, мұрағаттар және құжаттама басқармасының "Сәкен Сейфуллин атындағы Қарағанды облыстық академиялық қазақ драма театры" коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорын алдындағы ақпараттық тақта
5.	Қарағанды (Қазыбек би атындағы аудан)	Құрылысшылар даңғылы, 22 бойынша "Емхана" аялдамасындағы ақпараттық тақта
6.	Қарағанды (Қазыбек би атындағы аудан)	Нұрсұлтан Назарбаев даңғылындағы Қарағанды облысының мәдениет, мұрағаттар және құжаттама басқармасы "Қарағанды мемлекеттік Халықтар Достығы ордені Қ.С. Станиславский атындағы орыс драма театры" коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорын алдындағы ақпараттық тақта
7	Қарағанды (Әлихан Бөкейхан ауданы)	"Sary Arka Cinema 3D" кинотеатрының жанындағы ақпараттық тақта, 15 шағын аудан, 27а

8	Қарағанды (Әлихан Бөкейхан ауданы)	"Ұмай" сауда орталығының алдындағы ақпараттық тақта, Карл Маркс көшесі
9	Қарағанды (Әлихан Бөкейхан ауданы)	"Автостанция" аялдамасындағы ақпараттық тақта, 21 ықшамаудан
10	Қарағанды (Әлихан Бөкейхан ауданы)	"Автостанция" аялдамасындағы ақпараттық тақта, 23 ықшамаудан
11	Қарағанды (Әлихан Бөкейхан ауданы)	Мануильский көшесі, 6 жол бойындағы ақпараттық тақта

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМҚ